

**6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Бронхөкпе
дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік
көмекті жетілдіру» тақырыбындағы Саиранқызы Салтанаттың
диссертациялық жұмысына**

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ ПІКІРІ

Диссертант С.Саиранқызының бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмек көрсетуді басшылыққа алған ғылыми-зерттеу жұмысы бүгінгі таңдағы отандық және әлемдік денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелердің қатарына жатады. Сондықтан диссертациялық тақырыптың берілуі мен орындалуы күн тәртібіндегі өзекті де маңызды саналады. Еліміздегі бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын науқастар медициналық және әлеуметтік тұрғыдан ерекше назар аударуды қажет етеді. Осы жағынан келгенде С.Саиранқызы Алматы қаласындағы периниталды орталық пен қалалық емханалардағы бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын науқастардың мұрағаттардан статистикалық мәліметтер базасын жинақтап, олардың емханалардағы тіркелуі, науқастардың медико-әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтерді жинақтауы мен арнайы сауалнамалар жүргізуі диссертациялық жұмысты медициналық және әлеуметтік тұрғыда жан-жақты мазмұндалып, кеңінен талдау жұмыстары жүргізілген.

Диссертациялық жұмыста қарастырылған бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмек көрсету мәселесі республикамыздағы медико-әлеуметтік жағынан маңызды мәселе екендігі, бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын науқастардың сандық көрсеткішінің артуы, сырқаттың туындауы мен емделуі, қоғамдық-әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілуі, және т.б. кеңінен қарастырылады. Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балалардың қоғамдық ортадағы орны, ата-аналар мен медициналық қызметкерлер тарапынан қадағалануы, қоғамның толыққанды мүшесі ретінде медико-әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етілуі, мемлекеттік бағдарламалар аясындағы іс-шаралардың жүзеге асуы мен олардың рөлі секілді мәселелерді анықтап, алуан түрлі сараптамалық талдаулар жасалған.

Бронхөкпе дисплазиясы елімізде соңғы уақыттарда қарқынды түрде қарастырылып жатқан, қоғамдық әлеуметтік сипаты арта түскен ауру түрлеріне жатады. Бұғанға дейінгі медициналық және әлеуметтік зерттеулерде бронхөкпе дисплазиясы аса көп зерттелмегендігі мәлім. Ал қазіргі уақытта бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын науқастар санының артуы арнайы зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Осы жағынан келгенде докторант С.Саиранқызының бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмек көрсетуді арнайы мақсатты түрде зерттеуі республикадағы кешенді зерттеулердің қатарын толықтыратын маңызды жұмыстардың қатарына жатады. Диссертацияда

қолданылған зерттеу әдістері заманауи үлгідегі зерттеу әдістерінің түрлерін пайдалануы, бронхөкпе дисплазиясының теориялық және практикалық мәселелері нақты ғылыми деректер негізінде сараланып, өзіндік тұжырымдар мен түйіндеулер жасауы ғылыми тұрғыдан ешбір күмән тудырмайды.

Автор диссертациялық жұмысында бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмек көрсетудің сапасын арттырудың өзіндік моделі мен алгоритмдерін ұсынады. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын науқастар регистрі» жасалып, Алматы қаласының қалалық емханаларына ендірілді. Диссертация көлемі жеткілікті ғылыми теориялық және практикалық материалдармен толық қамтылған және өңделіп, зерттеу нәтижелері жан-жақты әралуан аспектіде кеңінен талданған. Диссертанттың зерттеу барысында жасаған тұжырымдары мен сараптамалары ғылыми тұрғыдан негізделген, жұмыстың құрылымы мен жүйелілігі дұрыс түзілген, жұмыстың ішкі мазмұны зерттеу тақырыбы мен мақсат-міндеттеріне толық сәйкес келеді.

Сонымен, диссертанттың жұмысы қазіргі қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ғылыми бағдарламалардың сұраныстарына толық сәйкес келетін, ғылыми аппараты жеткілікті, толық аяқталған зерттеу жұмыс болып табылатындықтан, «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру» тақырыбындағы Саиранқызы Салтанаттың диссертациялық жұмысы 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп бағаланады.

Ғылыми кеңесшісі,
С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ
қоғамдық денсаулық
кафедрасының профессоры,
м.ғ.к, қауымдастырылған профессор

Донали



A. Jurl

А.Н.Нурбақыт

К.Б. Карыбаев